

05.06.2026 ж.

№ 17**ЖШС "Зейін" балабақшасының білім беру қызметін  
өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Алматы қаласы білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2026 жылғы маусым айында мемлекеттік аттестаттаудан өтетін Алматы қаласы білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде жекеменшік "Зейін" балабақшасы қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығы педагогикалық кенесте балабақша ұжымына таныстырылсын.

1. ЖШС «Зейін» балабақшасы білім беру қызметін өзін-өзі бағалау іс шаралар жоспары бекітіліп, **2026 жылдың 05.06 - 23.06.2026ж** аралығында өткізілсін.

2. Білім беру қызметін бағалау бойынша төмендегі комиссия мүшелері бекітілсін:

- Тастемір А.М.- меңгеруші комиссия төрайымы;
- Баекей А.Х.- тәрбиеші комиссия мүшесі;
- Айтенова А.Н.- тәрбиеші комиссия мүшесі.

3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін; *(1-қосымша)*

4. Комиссия төрайымы жекеменшік «Зейін» балабақшасы білім беру қызметін, өзін - өзі бағалауды жалпы жоспарлауды оған басшылық жасауды жүзеге асырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуының бақылауын өзіме қалдырамын.

**Меңгеруші****Тастемір А.М**

## МДҰ өзін-өзі бағалауды өткізу жоспары

№	Ф.А.Ә.	Жауапты
1	Өзін-өзі бағалауды өткізу жоспарын дайындау және бекіту	Директор, әдіскер
2	Ұсынылатын мектепке дейінгі ұйымының қызметтерінің сапа көрсеткішін анықтау	Директор, әдіскер
3	Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының талаптарына жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің орындалуы және сәйкестігі	Директор, әдіскер
4	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру	Директор, әдіскер
5	Педагог кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптарды сақтауын қадағалау	Директор, әдіскер
6	Тәрбиеленушілердің дамуының мониторингі (бастапқы, қорытынды) нәтижелерін талдаудың болуы және сәйкестігі, баланың даму картасын толтыру	Әдіскер, тәрбиешілер
7	Тәрбиеленушілердің МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуын қадағалау	Директор, әдіскер, тәрбиешілер
8	Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;	Директор, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар
9	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру	Директор, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар